

## Ілеспе хаттың үлгісі

Осы хат арқылы авторлар «**МАҚАЛА АТАУЫ**» атты ғылыми мақаланы, автор(лар)ы **ТЕГІ, АТЫ-ЖӨНІ** «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Математика, компьютерлік ғылымдар, механика сериясы» журналында жариялау ешкімнің авторлық құқығын бұзбайтынына кепілдік береді. Авторлар журналдың баспагері – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне

– мақаланы таралым санына шектеусіз басып шығару (жариялау, көпшілікке ұсыну, көшірмелеу, таралыммен шығару немесе өзге де жолмен көбейту), сондай-ақ кез келген тәсілмен тарату құқығы. Бұл ретте олардың әрқайсысы автор(лар)дың аты-жөнін қамтуы тиіс;

– мақаланы жалпыға қолжетімді ету;

– метадеректерді (мақала атауы, автор-құқық иесінің аты-жөні, аннотациялар, библиографиялық материалдар, мақаланың толық мәтіні және т.б.) тарату және жалпыға қолжетімді ету, өңдеу және жүйелеу арқылы пайдалану, сондай-ақ оларды әртүрлі дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерге, оның ішінде жарияланған мақаланың толық мәтіндік нұсқаларын енгізу

айрықша құқықтарын шектеусіз мерзімге береді.

Мақалаға берілген құқықтарды пайдалануға рұқсат етілетін аумақ шектелмейді.

**Автор(лар)** сондай-ақ Журналдың баспагеріне өздерінің дербес деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, білімі туралы мәліметтер, жұмыс орны және атқаратын қызметі туралы мәліметтер) сақтау және өңдеу құқығын мерзімсіз береді. Дербес деректер оларды әртүрлі дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерде сақтау және өңдеу, сондай-ақ талдамалық және статистикалық есептерге енгізу мақсатында ұсынылады.

**Автор(лар)** толық көлемде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғылыми мақалада зияткерлік меншіктің нысандарын, авторлық құқық объектілерін заңсыз пайдалану үшін жауапкершілік көтереді.

Осы хат арқылы **автор(лар)** журналдың баспагерімен қолжазбаны плагиатқа тексеруге келісім береді.

**Автор(лар)** жолдап отырған қолжазба бұрын еш жерде жарияланбағанын (соның ішінде кез келген басқа тілде), параллель түрде басқа ғылыми басылымдарға жіберілмегенін және келешекте де жіберілмейтінін растайды.

*Орындаушы.: автор(лар) аты-жөні*